

«Маска» театры - сахнада

27 наурыз – Халықаралық театр күні. Қаламыздағы «Маска» театр студиясының құрылғанына қыркүйек айында 15 жыл толады. Театр жетекшісі Любовь Ермакованың айтуынша, студияға 50-ден астам мектеп оқушысы қатысып, әртістік қабілетін шыңдап жүр. Соның ішінде 8 мүгедек бала бар.

Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ



Театр күні «Қайнар» балалардың бос уақытын қамту кешенінің үлкен залы көрермендерге лық толды. Сахнада шымылдық түріліп, «Менің маскама» атты қойылым басталды. Ортада мансап, отбасы, сұлулық, денсаулық және ұшқарылық тұр. Олардың әрқайсысы өмірді өзінше танып-білгісі келеді. Бірде оларға бейтаныс адам бетпердемен жүрудің ерекшелігі жайлы сөз қозғап, маска сатып алуға кеңес береді. Бетперде киген сәттен бастап төртеуінің бойындағы адалдық пен арамдық, мейірім мен зұлымдық, кешірім мен қызғаныш өзара тартысқа түседі. Маска кигелі жағымсыз қасиеттер күш алғандықтан мансап, отбасы, сұлулық пен денсаулық бетпердеден бас тар-

туды ұйғарады. Алайда бетпердесіне бауыр басып қалған ұшқарылық қана достарынан бөлініп, жалғыз қалады. Философиялық шешімге құрылған қойылымда әділеттің салтанат құрғаны шынайы көрсетіледі.

Оқушылардың сахнадағы өнері көрерменнің талғамынан шықты.

Қойылымнан соң Любовь Александровнамен жолыққанымызда, театр костюмін тігуге оқушылардың ата-аналары көмектескенін жеткізді.

Сәуір айының басында Астана қаласында республикалық балалар театр өнерінің фестивалі өткізіледі. «Маска» театры да осы фестивальға қатысып, бағын сынамақ. Сәттілік тілейміз!

Суретті түсірген: М.Гонтарь